



ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ТАПШЫ

7-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



ШЫРША ШАМЫН ЖАҚҚАНДА...

12-БЕТ | ЕЛОРДА

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін
рухани ерлік керек, жалпақ әлемге
қысылмай-қымтырылмай қарау үшін
рухани байлық керек.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

”

№152
(4740)
Сенбі
21 желтоқсан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН



Астана – үздіксіз дамып келе жатқан қала. Елорда экономикасының өсімі жыл өткен сайын қарқын алып келеді. Шағын және орта бизнес қаланың негізгі драйверіне айналып отыр. Бас қалада биылғы жылдың он бір айында 3,6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен жыл қорытындысына арналған баспасөз мәслихатында елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жан-жақты баяндап берді.

Сұлтан СЕЙІТ

euronews.

Астанада Euronews телеарнасының өңірлік кеңсесі ашылды. Бұдан былай әлемдік ақпарат агенттігі Қазақстаннан да хабар таратады.

Бұған дейін Бірлескен янтықтастық аясында Euronews 39 миллионнан астам көрерменді қамтыған Көшпенділер ойындарының материалдарын трансляциялаған. Сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасы мен инвестициялық жобалары туралы 10 бағдарлама, хабарлар мен сұхбаттар жарияланды.

САНСӨЙЛЕМ

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН
БЕРІ ЕЛОРДАДАН

1200 000

ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСА
ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ



ӨМІР СҮРУГЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

4-5

СОҒЫМДЫ ТАҢДАП АЛЫҢЫЗ

Елордада 21-22 желтоқсан күндері Ақмола, Абай және Павлодар облыстарының фермерлері қатысатын кезекті соғым FEST өтеді.

Демалыс күндері Н.Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы KOKTAL сауда-ойын-сауық орталығында өтетін қалалық ауылшаруашылық жәрмеңкесінде қала тұрғындарына соғымды тандап алуға мүмкіндік жасалып қойған.

Жәрмеңке әр демалыс күндері таңғы 10:00-ден кешкі 22:00-ге дейін жұмыс істейді. Ал соғым FEST әр демалыс күндері сағат 07:00-ден 17:00-ге дейін болады.



ЕЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ЛИМОН ӨСІРДІ

Астана қаласындағы №8 мектеп-лицейінің 5-сынып оқушылары «Жасыл клуб» жобасы аясында «Жасыл мектеп» жылыжайында екі жылдан бері баптап келе жатқан лимон ағашы жемісін берді.

Мектеп оқушылары лимон ағашымен қатар жылыжайда қияр, қызанақ, аскөк көкөністері мен құлпынай, жидектер және жалбыз да өсіреді. Жоба жетекшілері оқушылармен бірге бос уақыттарын пайдалана отырып, өсімдіктерге күтім жасайды.

Жалпы Астана қаласындағы 19 мектеп пен 1 колледжде, атап айтқанда, №8, 20, 37, 42, 43, 49, 58, 61, 67, 68, 69, 80, 83,

88, 78, 90, 87, 82, 79 және Сервис және туризм колледжінде Б.Өтемұратов қорының қорымен жылыжай ашылған.

Жалпы, Астананың 20 білім ошағында «Таза Қазақстан» акциясы аясында жылыжайда жемістер мен көкөністер өсіріледі, сондай-ақ барлық мектептерде экологиялық тәрбие мен қоршаған ортаны қорғау бойынша көптеген маңызды іс-шаралар жүргізілуде.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 545.19 \$ USD/KZT 524.02 ₰ RUB/KZT 5.09 ¥ CNY/KZT 71.82

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ДИАЛОГТЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Euronews директорлар кеңесінің төрағасы Педро Варгас Давидті қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Euronews телеарнасы арасындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Бұл – көптеген тілде хабар тарататын әлемдегі көшбасшы БАҚ-тың бірі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Euronews арнасының елімізде аймақтық хабы ашылуын өте маңызды оқиға деп бағалады. Осы арқылы дүние жүзінің түкпір-түкпіріндегі көрермен Қазақстанның ғана емес, Орталық Азияның экономикалық, мәдени және туристік әлеуетімен жақын танысуға мүмкіндік алады. Президент аталған медиа алаңы аймақтағы елдер мен Еуропа Одағы арасындағы диалог пен өзара түсіністікті ілгерілетуге септігін

тигізетініне назар аударды.

Өз кезегінде Педро Варгас Давид Euronews Academy жобасының жоспарымен таныстырды. Аталған бастама Қазақстан журналистерінің заманауи технологияларды меңгеруі мен жоғары кәсіби стандарттарды игеруіне бағытталған. Бұл отандық медианың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз жаһандану жағдайындағы ақпараттық ор-

тада тиімді жұмыс істей алатын білікті мамандар даярлауға қызығушылық танытып отыр.

Педро Варгас Давид Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз ету және қоғамның ашықтығын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан реформалардың маңызына тоқталды. Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында әлемдегі геосаяси ахуалға қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Қостанай облысына жұмыс сапары барысында зауыттар мен кәсіпорындарды аралап, өндіріс басшылығы және ұжымдарымен кездесулер өткізді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары, кадрлық әлеуетті арттыру, инфрақұрылымдық міндеттерді шешу барысы талқыланды.



Сондай-ақ бірыңғай уақыт белдеуіне көшу мәселесіне де назар аударылды. Сөз сөйлеушілердің айтуынша, бірыңғай уақыт белдеуін енгізу мәселесін Қостанай облысының тұрғындары бұрын да көтерген, өйткені 6-уақыт белдеуі табиғи уақытқа сәйкес келмеді. Осылайша, бірыңғай уақыт белдеуіне көшу туралы шешім күнделікті тұрмыстық процестерді жеңілдетті. Осыған байланысты кездесуге қатысушылар бірыңғай уақыт белдеуін қолдап сөз сөйледі.

Премьер-министр Олжас Бектенов тұрғындармен әңгімелесу барысында табиғи уақыттың азаматтардың денсаулығы мен әл-ауқатына оң әсері ғылыми дәлелденгеніне назар аударды. 2017 жылы

америкалық ғалымдар тобы адамның циркадтық ырғағын зерттегені үшін Нобель сыйлығымен марапатталды, бұл табиғи уақытқа сәйкес өмір сүрудің ең пайдалы екенін растады. Осы жұмыстың және басқа да ғылыми зерттеулердің негізінде 2022 жылы 80-нен астам елдің ғалымдары мен мемлекет қайраткерлері қол қойған Барселона декларациясы қабылданды.

Премьер-министр Қостанай облысының тұрғындарына және барлық қазақстандықтарға осы маңызды шешімді түсініп, қолдағаны үшін алғысын білдірді. «Шешім Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де жүргізілген өте терең ғылыми зерттеулер негізінде қабылданды. 2017 жылы

америкалық ғалымдар тобы адамның циркадтық ырғағын зерттегені үшін Нобель сыйлығымен марапатталды. Бұл зерттеуде ғалымдар табиғи уақытта өмір сүрген кезде адам үшін ең жақсы және пайдалы екенін дәлелдеді. Сондықтан қазір әлемнің прогрессивті елдері табиғи уақыт белдеуіне көшуге ұмтылуда. Қазақстан үшін табиғи уақыт белдеуі – біз қазір өмір сүріп жатқан UTC+5 болып табылады. Бұрын өздеріңіз білетіндей, біз басқа UTC+6 белдеуінде болдық. Кезінде еліміз директивалық тәртіпте біз үшін табиғи емес белдеуге ауыстырылды. Қазір, керісінше, біз уақытты күн цикліне сәйкес келтірдік. Мен бірыңғай уақыт белдеуіне ауысу кейбір адамдарға ыңғайсыздық тудыруы мүмкін екенін түсінемін. Ағза біртіндеп үйренеді. Осындай шешім қабылданды. Егер өңірлерде қандай да бір қолайсыздықтар болса, біздің еңбек заңнамамыз мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық, жарықтандыруды, ыңғайлы кестені ұйымдастыру арқылы жұмыс істеу қажет. Осы мәселелердің барлығын әрі қарай шешетін боламыз» деп атап өтті Премьер-министр.

Сондай-ақ зауыт ұжымымен кездесу барысында Мемлекет басшысы жариялаған алдағы Жұмысшы мамандықтары жылы қарсаңында еңбек жағдайлары және өзге де қолдау шаралары мәселелері көтерілді.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан гимнастика федерациясының президенті Әлия Юсупованы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әлия Юсупованы Қазақстан гимнастика федерациясының президенті болып қайта сайлануымен құттықтады. Кездесуде елімізде көркем гимнастиканы дамыту перспективасы талқыланды. Президентке федерацияның қазіргі

жұмысы мен алдағы жоспары туралы ақпарат берілді. Әлия Юсупова спорт саласындағы кейбір өзекті проблемаларға қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Федерация басшысының айтуынша, балаларды гимнастикаға ерте жастан баулу

үшін кешенді жұмыс атқарылуы керек. Қасым-Жомарт Тоқаев сала инфрақұрылымын дамыту және жаттықтырушыларды даярлау ісінде Туризм және спорт министрлігімен тығыз қарым-қатынас орнату қажет екенін айтты.



МАҢЫЗДЫ ЗАҢДАРДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының тиісті ұсынуына байланысты Жоғарғы Сот судьяларын қызметінен босату, сондай-ақ Парламент Сенаты тағайындаған Жоғары аудиторлық палата мүшесінің өкілеттігін тоқтату және қызметінен босату туралы мәселелерді қарады. Одан бөлек, сенаторлар күн тәртібіне шығарылған бірқатар заңды қарап, мақұлдады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.



Палата отырысында сенаторлар депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды да қарап, мақұлдады. Онда бірқатар маңызды нормалар қарастырылған. Есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен курьерлер функцияларын орындайтын адамдар үшін жаза сараланады. Ұйымдастырушылармен күрес күшейтіліп, бас бостандығынан айыру мерзімін өмір бойына дейін ұзарту жазасы қарастырылады. Сондай-ақ қызмет бабын пайдаланып қылмыс жасаған лауазымды адамдар үшін, сол сияқты, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз өндіргені үшін он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру не өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза белгілей отырып, неғұрлым қатаң қылмыстық жауаптылық шараларын

енгізу ұсынылады. Бұл есірткінің айналымына байланысты қызмет бабын теріс пайдалануға қарсы тежеуші фактор болмақ. «Заң нормаларына сәйкес Қылмыстық кодексте есірткі өндірісімен айналысатындардың және оларды таратушылардың аражігі ажыратылып, жауапкершіліктері қайта қаралды. Денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға «күшті әсер ететін заттар» жаңа ұғымы енгізіліп, олардың айналымы реттелетін болды. Мақұлданған заң алдағы уақытта азаматтарымыздың құқықтарының қорғалуын арттыруға және есірткі қылмысымен күрестің тиімділігін күшейтуге оң әсерін тигізеді деп сенеміз» деді Сенат Спикері.

Екі оқылымда қаралып, мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң Мәулен Әшімбаев атап өткендей, білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнама-

ны жетілдіруді көздейді. Заңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған құқықтық нормалар қамтылған. Заңмен Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамаға сәйкес қосымша білім беру ұйымдары үшін қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жасау тәртібі, онлайн-оқыту түрі және техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарындағы академиялық ұтқырлық қағидаты, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан мектептерде әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету тетіктері белгіленеді. Бұдан басқа, заң арқылы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту саласында қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялау тәртібі енгізіледі. Заңнан күтілетін нәтижелер білім беру процесінің сапасын арттыру және балалардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту екенін атап өткен жөн.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

Астанада құрылысы ұзаққа созылған екі тұрғын үй кешенінің мәселесі шешіліп, үлескерлер көптен күткен пәтерінің кілтін алды.



«Құрылысы ұзаққа созылған екі тұрғын үй кешені үлескерлерінің мәселесі шешілді. Олар – «Территория ком-

форта-1» (екінші кезек) және «Жағалау 4» полигон 3 көппәтерлі тұрғын үй кешендері. Екі үй де басынан бастап қайта салынды. Мәселен, «Территория комфорта» тұрғын үй кешенінің құрылысы 20 жыл бұрын басталған. Апатты тұрғын үй кешенінің блоктарын толықтай бұзу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Осыған дейін 1-кезектің құрылысы аяқталған болатын. Ол кезде 100-ден астам үлескер отбасы пәтер кілтін алған» деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Әкімнің айтуынша, биыл екінші кезектің құрылысы аяқталған. Осылайша, 20 жылға созылған ең проблемалы тұрғын үй кешенінің тарихы аяқталды.

Ал «Жағалау 4» полигон 3 құрылысы 10 жыл бұрын басталған. Тұрғындардың жалпы жиналысында үлескерлерді жаңа «Е16, Е17, Е32» ТК-ға көшіру туралы шешім қабылданған. Осылайша, үлескерлер көптен күткен баспанасының кілтін алды. Аумақты абаттандыру көктемде жалғасады.

«Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы Мемлекет басшысының бақылауында. Соңғы жылдары құрылысы ұзаққа созылған 140-тан астам тұрғын үй кешені аяқталды. Көптен күткен пәтер кілтін 15,5 мыңнан аса үлескер отбасы алды» деп жазды елорда әкімі әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЖОЛ ЖӘНЕ МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысында салынып жатқан екі деңгейлі көлік айрығының құрылыс барысын тексерді.



Депутаттарға жұмыс кестеге сәйкес жүргізіліп, 60 пайызға орындалғаны, барлық металл конструкциясы келесі жылдың қаңтар айының соңына дейін жеткізілетіні баяндалды. Нысанды пайдалануға беру 2025 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Ал 2026 жылы айналасын абаттандыру және көгалдандыру жұмысы қарастырылған. Сонымен қатар депутаттар №41 орта мектептің қосалқы ғимаратын салу мәселелерін талқылады. Қос қабатты ғимарат 600 оқушыға арналған. Нысанның құрылысын 2025 жылдың жазында аяқтау жоспарланып отыр. Сапар барысында депутаттар жеке инвестиция есебінен ашылған «Koktal junior hall» жастар үйінің қызметімен танысты. Бұл орталыққа жақын маңдағы тұрғын аудандардан 1000-нан астам бала келеді. Мұнда мектеп бағдарламасы бойынша қосымша білім беріледі, шет тілдері, робототехника сабақтары өтеді, сондай-ақ түрлі өнер үйірмесі мен спорт секциясы жұмыс істейді.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ АЗАЙДЫ



Кеше Астана қаласы мәслихатында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саиповтің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда елордада әлеуметтік тұрғын үй кезегінде 38433 адам тұр. Соның ішінде жетім балалар – 2544, көпбалалы отбасылар – 6916, әлеуметтік осал топтағылар – 17471, мемлекеттік және бюджет қызметкерлері – 11430, үйлері апатты болып танылған – 72 адам.

Екі жыл бұрын бұл көрсеткіш 47 мың адамнан асқан болатын, яғни оң динамика байқалады. Соңғы 3 жылда

18269 адам тұрғын үй кезегінен алынып, 9672 адам кезекке қойылды.

Жалпы осы уақыт аралығында, яғни 3 жыл ішінде барлығы 6053 пәтер берілді. Соның ішінде әлеуметтік осал топтар санатына жататындар 4641 пәтер иеленді. Ал биыл барлық санат 2547 пәтерге қол жеткізді. Осындағы 294 адам несиеге берілетін тұрғын үйге қол жеткізсе, 1803 адам әлеуметтік осал топтары санаты бойынша, 155 адам «Елорда жастары» бағдарламасы аясында, 295 адам «Қазақстан тұрғын үй» компаниясы арқылы баспана алды.

Қоғамдық тыңдаулар барысында депутаттар тарапынан ғимараттардың

қасбеттерінің жағдайы, лифт жабдықтарының жұмысы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жағдай жасау мәселелеріне қатысты ескертулер айтылды.

«Бұл проблемаларды қысқа мерзімде шешу қажет. Орындалуын бақылау депутаттар корпусына жүктеледі» деген қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов тұрғын үй салып, мұқтаж жандарға кілт табыстаумен шектелмей, үйлердегі тәртіпті тұрақты түрде бақылап, ескертулерді уақытылы жою қажет екенін атап өтті.

«Биыл мәслихат депутаттары әлеуметтік осал топтар санатына арналған тұрғын үй құрылысына қаржы бөлу мәселесін қолдады. Бұл бағыт елордадағы Аманат партиясы филиалының сайлауалды бағдарламасының Жол картасында басымдыққа ие» деді Ерлан Каналимов.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов энергетика саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

КӘСІБИ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мәслихат төрағасы елорда тұрғындарының өмір сүру сапасы өмірді қамтамасыз ету нысандарының тұрақты жұмысына тікелей байланысты екенін, ал энергетика бұл жүйеде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Қаланы жылумен қамтамасыз етуде ауқымды жобалар іске асырылуда. «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясы салынып, пайдалануға берілді. «Туран» газ жылу станциясы құрылысының бірінші кезеңі аяқталды. Осы жаңа нысандар қалаға қосымша 1100 Гкал/сағ қамтамасыз етіп, елорданың жылумен жабдықталуын жақсартуда маңызды қадам болды.

«Құрметті энергетика саласының қызметкерлері! Энергетик мамандығы – қай кезде де ең құрметті және мәртебелі мамандықтардың бірі. Оның маңызын асыра бағалау мүмкін емес, өйткені елорданың тұрғын үйлерінде жылу мен жайлылық орнауы – энергетиктердің күнделікті еңбегінің арқасы. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, жұмыстарыңызға сәттілік, отбасыларыңызға береке және жаңа жетістіктер тілеймін!» деп жазды Е.Каналимов.



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢАША ҮЛГІСІ

Елорданың №65 мектеп-гимназиясында «Самұрық-Қазына» АҚ мен Астана қаласының әкімдігі бірлесіп жүзеге асырған инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. Жаңа кабинет ерекше әдіс-тәсілге мұқтаж балаларды оқыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Кабинет Open Space форматында дайындалған және дефектолог, логопед, психолог және керамика шеберханасының жұмысына арналған орындарды қамтиды. Сонымен қатар қажетті спорт жабдықтары бар емдік-дене шынықтыру кабинеті де бар. Бұл – Астанада ашылған 5 жаңа кабинеттің бірі. Осыған дейін ашылған №32, 52, 61, 65 және 90 мектептердегі инклюзия кабинеттерінде 240 бала қамтылған. Астанадағы инклюзия кабинеттеріне қалада тұратын мектеп жасындағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың шамамен 16 пайызы қағысады. Жалпы елордада ерекше қажеттіліктері бар 21107 бала бар.

«Инклюзияны қолдау кабинеттері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін, оның ішінде психикалық және сөйлеу қабілеті уақытылы дамымаған, сондай-ақ қа-

рым-қатынас жасауы қиын оқушылар үшін қолайлы орта жасайды. Біз осы кеңселер желісін кеңейтуді жалғастырамыз. Әрбір жаңа кабинет арқылы әрбір баланың дамуы үшін тең мүмкіндіктері бар инклюзивті білім беру ортасының шекарасын кеңейтеміз» деп атап өтті Астана қаласы Білім басқармасының бас маманы Гүлшат Исинаова.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкентінің, «Самұрық-Қазына» АҚ, Білім басқармасы өкілдерінің, елордалық мектеп директорларының, педагогтар мен ерекше балалардың ата-аналарының қатысуымен өткен салтанатты жиында ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамда әлеуметтенуіне кешенді түрде қолдаудың маңызын атап өтті. Ал инклюзия кабинеттері – бұл жүйенің маңызды бөлігі.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**ЭКОНОМИКАДА
ӨСІМ БАР**

Бас қала дамуының негізгі бағыттары туралы айта келе, шаһар басшысы алдымен елорданың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне тоқталды.

– Астананың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалады. Қала экономикасы өсуде. Жалпы өңірлік өнім бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 7%-құрады, бұл – 5,4 трлн теңге. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы жылы жалпы өңірлік өнім құрылымында өндіріс секторының үлесі 13,9%-дан 15,7%-ға дейін өсуі байқалады. Бұл өнеркәсіп және құрылыс салаларының белсенді дамуының арқасында болып отыр, – деп бастады баяндамасын Жеңіс Қасымбек.

Елорданың экономикалық тұрғыда ілгерілеуіне шағын және орта бизнес санының артуы оң серпін беріп келеді. Қалада жаңа жұмыс орындары құрылып, инвестиция тарту деңгейі артты. Негізгі драйвер шағын және орта бизнес болып табылады, ол елорда экономикасының 72,1%-ын, Қазақстан Республикасы бойынша орташа 38,2%-ды құрайды. Бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш.

Әкімнің айтуынша, бүгінгі таңда Астанада жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 7,3%-ға өсіп, 247 мыңнан асты. Елорданың жеке табысы алғаш рет 1 трлн теңгеден артты (2023 жылдың қорытындысы бойынша 28,6%-ға өсім 777,6 млрд теңге). Бұл барлық негізгі санаттар бойынша салық түсімдерінің өсуіне байланысты болып отыр.

Бас қаладағы инвестиция көлемі 1,6 трлн теңгеден асып, 20,4%-ға ұлғайды. Бұл соманың 70%-дан астамы – жеке инвестициялар. Бұл ретте шаһар басшысы әр салада атқарылып жатқан ілкімді істерге тоқталды.

Бүгінгі таңда қаланың сәулеттік келбеті көркейіп, өркендеп өсіп келеді. Елорданың құрылыс секторының қарқыны 870 млрд теңгеден асты. Он бір айдың ішінде 3,6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,4%-ға көп.

Астанада тозығы жеткен және апатты деп танылған ескі үйлердің мәселесін шешу жалғасуда. Реновация бағдарламасы бойынша 2029 жылға дейін бас қалада 206 апатты үйдің тұрғындарын жаңа пәтерге қоныстандыру жоспарлануда. Бағдарламаның үшінші кезеңі



ӨМІР СҮРУГЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ҚР Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.



басталғалы бері 37 апатты үйдің тұрғындары көшірілді.

– Үлестік құрылыс бойынша бүгінгі таңда 142 үйдің құрылысы аяқталып, шамамен 15,6 мың үлескер-отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Кеше ғана «Комфорт аймағы-1»

және «Жағалау-4» тұрғын үй кешендерінің салымшылары өз пәтерлерінің кілттерін алды. Қалған үлескерлер бойынша мәселелер аяқталу сатысында тұр, – деді елорда әкімі.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қалада ТЭЦ-3-тің бірінші кезеңі мен «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларын іске қосу арқылы жылу қуаты 30%-ға артты. Бұл қаланың қазіргі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі уақытта сыртқы ауа температурасы орташа есеппен алғанда минус 10-15°C болғанда, жылу генерациясының профициті сағатына 1200 гигакалорияйды құрайды.

Қала басшысының айтуынша, биыл «Тельман» газ жылу станциясының құрылысы жалғасуда, ал келесі жылы «Оңтүстік-Батыс» газ жылу станциясының құрылысы басталады. Бұл 2035 жылға дейін қаланы жеткілікті жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Шаһар басшысы бұдан әрі ауызсуды шешу бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі(Орталық коммуникациялар қызметіндегі
баспасөз конференциясында)

Бүгінгі таңда елордада үлескерлер мәселесін шешу үшін 142 үйдің құрылысы аяқталып, шамамен 15,6 мың үлескер-отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Жеңіс Қасымбек.

КӘРІЗ МӘСЕЛЕСІ – НАЗАРДА

188 мың текше метр қуаттылығы бар екінші кәріз-тазарту құрылыстарының құрылысы басталады. Сонымен қатар, сенімді су бұруды қамтамасыз ету мақсатында қаланың ескі бөлігіндегі «Көктал», «Өндіріс» тұрғын аудандарында және Индустриялық парк аудандарда қосымша жалпы қуаттылығы шамамен тәулігіне 85 мың текше метр болатын үш жергілікті тазарту құрылыстарының жобалары әзірленуде. Құрылысты келесі жылы бастау жоспарланып отыр.

– Нөсерлі кәріз мәселелеріне келсек, 2019 жылы қалада 245 проблемалы су басу учаскелері болды. Нөсерлі кәріз жүйелерін салу және қолданыстағы тазарту құрылыстары мен коллекторларды тазартып, қайта жаңғырту арқылы қазіргі таңда тек Рысқұлов көшесі, Тұран даңғылы, Триумф аркасы, Қорғалжын тас жолындағы 4 учаскенің мәселесі шешілуде. Өткен маусымдағы ең проблемалы учаскелер Тұран даңғылы мен Триумф аркасының ауданы болды. Мұнда біз қысымды және ағынды коллекторларды кеңейту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Көктемде үлкен су басулар болмауы үшін алдағы жылы жаңа тазарту құрылыстарының құрылысы басталады, – деді қала басшысы.

ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі таңда елордадағы жекеменшік үйлердің 50%-ы газбен жылытылады. Газдандыру мәселесі белсенді жалғасуда.

Астана әкімінің айтуынша, биыл 1500-ден астам үй, оның ішінде Үркер тұрғын алабы бар + «Family Village»-дегі 468 үй газдандырылды. Келесі жылы «Өндіріс», «Garden Village» және «Шұбар» тұрғын алаптарын

газдандыру жобаларын іске асыру басталады.

Қаладағы ЖЭО-ды газға көшіру шығарындыларды 30%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Ал жалпы газдандырудың арқасында үш жыл ішінде атмосфераны ластайтын зиянды заттардың жалпы көлемі 34%-ға төмендеді.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Қаланы тұрғындар үшін жайлы және қауіпсіз ету мақсатында зияткерлік бейнебақылау жүйелерімен 100% қамтуға бағытталған «Smart City» жобасы іске асырылуда.

– Бұл жоба аясында жол қозғалыс ережелер бұзушылықтарын талдау және ситуациялық талдау үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, қалалық инфрақұрылымды кешенді басқару мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған 22 мың камера мен 1200 жылдамдық өлшегішті орнату көзделіп отыр. Келесі жылдың басында жобаны іске асыруды бастаймыз, – деді шаһар басшысы.

КӨЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Президенттің тапсырмасы бойынша кешенді көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілді. Бас қала әкімінің мәлімдеуінше, бағдарлама міндеттерінің бірі – қоғамдық көлікті пайдаланудың үлесін 71%-ға дейін арттыру. Бұл қарбалас уақытта қозғалыс жылдамдығын ұлғайту, жайлылықты арттыру және қолжетімділікті жақсарту арқылы жүзеге асырылады.

– Биыл жалпы ұзындығы 60 шақырымнан тұратын 50 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі көпірдің құрылысы аяқталды. Бұл Мәңгілік ел даңғылындағы жүктемені азайтып, азаматтардың оң және сол жағалау арасындағы қозғалысын жеңілдетті, – деді Жеңіс Қасымбек.



Астанада реновация бағдарламасы бойынша 2029 жылға дейін 206 апатты үйдің тұрғындарын қоныстандыру жоспарлануда. Бағдарламаның үшінші кезеңі басталғалы бері 37 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жұмыстары анықталды.



Бүгінгі таңда ЛРТ құрылысы бойынша жұмыстар айтарлықтай жеделдетілді. Эстакада бөлігінің құрылысы аяқталып, станцияларда темірбетон жұмыстары орындалды, сондай-ақ Есіл өзені арқылы көпір салынды.

Қазіргі уақытта 18 станцияның құрылысы жүргізілуде. 2026 жылдың соңына дейін жобаны толық аяқтау жоспарланған, оның ішінде Қабанбай батыр даңғылы мен Қалдаяқов көшесінің бойындағы ЛРТ эстакадасы астындағы аумақты абаттандыру қарастырылған.

терін абаттандыру жұмыстары аяқталды. Ұлытау аллеясы, Мәңгілік ел, Тәуелсіздік, Тұран даңғылдары, Қазақ елі алаңы, Мыңжылдық аллеясының бір бөлігі, Жүргенов аллеясындағы сквер, ескі вокзал аумағы мен оған іргелес Гете және Біржан сал көшелері, Жастар саябағы, сондай-ақ «Керуен» және «Хан Шатыр» сауда орталықтарының жанындағы скверлер абаттандырылып, көгалдандырылды, – деді Астана әкімі.

Бүгінде Ақбұлақ жағалауы, Президент саябағы және Бейбітшілік пен келісім саябағы

қаланың барлық аудандарында жүзеге асырылуда. Биыл қала мен «Жасыл белдеу» аумағында шамамен 1 миллион жасыл желек отырғызылды. Елорда басшысының айтуынша, олардың ішінде біздің климатқа бейімделген еуропалық ағаш түрлері де бар.

Биыл қаланы көгалдандыру Жарғысы қабылданды. Енді бірде-бір құрылыс салушы дендропланды іске асырмай және өз нысаны айналасындағы жасыл желектерді үш жыл бойы күтіп-баптау бойынша міндеттерді орындамай, ны-

сайын қалада мектеп жасындағы балалардың саны орта есеппен 20 мыңға өсіп келеді.

– Елорда мектептеріндегі оқушы орындарының жетіспеушілігін жою мақсатында жыл басынан бері 18 мектеп (3 – БИП, 11 – жайлы мектеп, 4 – жекеменшік мектеп), оның ішінде 11 «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Алдағы уақытта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырудың арқасында екі ауысымда 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Келесі жылы қалада тағы 20-ға жуық мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланған. Бірінші кезең аясында 3000 орындық 10 балабақшаның құрылысы басталды. Сонымен қатар, 17 жеке балабақша салынады, – деді Жеңіс Қасымбек.

Мемлекет басшысы бас шаһарда мектеп жасындағы балалардың өнерге, ғылымға, технологияға және спортқа қызығушылығын арттыратын Оқушылар сарайын көптеп ашуды тапсырған болатын. Бұл ретте 2029 жылға дейін Астанада 15 заманауи Оқушылар сарайын салу міндеті тұр. Олардың екеуі қазірдің өзінде жұмыс істеуде. Үш нысанның құрылысы жүріп жатыр, қалғандары жобалау сатысында.

Астана әкімінің мәлімдеуінше, елорданың кітапханалары бүгінде заманауи мәдени кеңістіктерге айналуға бастады. Биыл 4 жаңа кітапхана ашылып, жыл сайын кітап қоры жаңартылып отырады. Келесі жылы тағы 7 кітапхананы жаңғырту және ашу жоспарланып отыр.

– Біз спорттық инфрақұрылымды дамытуды жалғастырамыз. 2026 жылы «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңартуға кірісеміз. Қазіргі таңда «ҚазҒЗИ» энергетика және байланыс ЖШС-мен бірлесіп жобалау-іздістіру жұмыстары жүргізілуде. Вокзал маңындағы көшелердің жалпы ұзындығы 1,5 км болса, елорданың тарихи көшелерін қайта жаңарту жобасы аясында жалпы абаттандыру алаңы 17 мың шаршы метрден асты.

Сонымен қатар, «Ұлытау» аллеясы, Мәңгілік ел даңғылы, Тәуелсіздік, Тұран даңғылдары, «Мыңжылдық» аллеясының бөлігі, «Керуен» және «Хан Шатыр» СОО жанындағы гүлзарлар, Агроқалашық елді мекені, Жеңіс даңғылы, «Жағалау» шағын ауданы, Уәлиханов көшесі және т.б. абаттандырылып, көгалдандырылды.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ САЛЫНАДЫ

Қала қарқынды дамып, өсіп келеді. Бұл әлеуметтік инфрақұрылымға айтарлықтай ауыртпалық түсіреді. Жыл

лекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Келесі жылдың соңына дейін стадионды қайта құру мен жаңғырту жұмыстарын аяқтау көзделуде, – деді елорда әкімі.

Медициналық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде таяудағы бес жылда 10 нысан, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпсалалы аурухана, бір балалар ауруханасы, екі мемлекеттік және төрт жекеменшік емхана салынады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАҚСАРДЫ

Елордада халықты жұмыспен қамту мәселесі оңтайлы шешіліп, тұрақты жұмыс орындарын құруда белсенді істер атқарылуда.

Бүгінгі таңда Астанада жұмыссыздық деңгейі 4,4%-ды құрайды, бұл орташа республикалық деңгейден төмен. Жұмыспен қамту шараларымен

23 мыңнан астам адам қамтылды, оның 13 мыңы – 35 жасқа дейінгі жастар. Қазір елордада 61 мың жұмыс орны құрылды.

Қала басшысының айтуынша, JOLTAP жобасы жүзеге асырылғалы бері бас қалада 25,5 мың жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат жұмыспен қамтылды, 4,5 мың азамат жұмысқа орналастырылды және 7,5 мың адам сұранысқа ие 17 мамандық бойынша қысқа мерзімді оқытуға жіберілді.

Еліміздің өзге өңірлері елордаға қарап бой түзейді. Сондықтан Астана қаласы әсем ғимараттарымен ғана емес, тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен де өзгелерге үлгі болуы тиіс. Жыл бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе, қала басшысы тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін атқарылатын игі істердің алдағы уақытта жалғаса беретінін жеткізді.



Қоғамдық көлік бойынша айта келе, шаһар басшысы соңғы екі жылда автобус паркі 706 жаңа автобуспен толықтырылғанын, осылайша, қаладағы автопарктердің 45%-ға жаңартылғанын жеткізді.

– 2025 жылы қоғамдық көлік паркін тағы 300 бірлікке ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. 170 қоғамдық және аула кеңістік-

кіретін Есіл өзенінің бойындағы саябақтар кластері абаттандырылуда. Сондай-ақ Жағалау шағын ауданындағы 18 гектар аумақ кешенді абаттандырылды.

1 МИЛЛИОН АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Астананы көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары



Қазіргі таңда жеке үйлердің 50%-ы газбен қамтамасыз етілген. Биыл 1500-ден астам үй газдандырылды, оның ішінде Үркер тұрғын алабы бар. Келесі жылы «Өндіріс», «Garden Village» және «Шұбар» тұрғын алаптарын газдандыру жобаларын іске асыру басталады.

elordainfo.kz



Елордада ТЭЦ-3-тің бірінші кезегі мен «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларын іске қосу арқылы жылу қуаты 30%-ға артты. Бұл қаланың қазіргі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

elordainfo.kz

ҚАЛА ТІРШІЛІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚОЗҒАДЫ



Нұрсұлтан ТІЛЕКТЕСОВ, «Қазақстан» ұлттық арнасының тілшісі:

– ОСЫ БРИФИНГ АЛДЫНДА ХАЛЫҚ АРАСЫНДА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІП, АСТАНАДА ҚАНДАЙ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ БАР ДЕП СҰРАҒАНДА, ОЛАРДЫҢ БӘРІНІҢ АЙТҚАНЫ – ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ, ОЛАРДЫҢ КЕЛУ УАҚЫТЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ, ӨЗ КЕС-ТЕСІНЕН АУЫТҚУЫ ТУРАЛЫ БОЛДЫ. БҰЛ МӘСЕЛЕ НЕГЕ ТУЫНДАП ОТЫР?

– Жалпы қазір қалада 1500 автобус бар, баяндамада айтқандай, соңғы 1,5 жыл ішінде 700-дей жаңа автобус алынып, пайдалануға берілді. Бұлар – қолданыстағы көліктердің 45 пайызы, яғни қазіргі парк сонша пайыз жаңарды. Келесі жылы қосымша 300 автобус сатып аламыз деп жоспарлап отырмыз. Біздің ойымызша, осы жаңадан алынған көліктер сіз айтқан мәселені шешуге септік етеді. Жалпы екі жыл бұрын болған проблеманы қазіргімен салыстыруға болмайды. Жалпы

мәселені, толық шешу үшін бізге 2 мың автобус керек. Ал автобустың жүру бағасына келсек, 20 теңгеге көтерілді, жалпы біздегі 90 теңгелік баға 2012 жылы бекітіліпті, 12 жыл бойы өзгермеген, алайда көлік жүргізушілерінің жалақысы, жанармай бағасы, басқа да қызметтер бағасы өзгерді ғой. Негізі оны санасақ, жол жүру құны 300-ден асуы керек еді, бірақ біз соның үстіндегі 200 теңгені жергілікті бюджеттен субсидия бөлу арқылы әрбір жолаушы үшін төлеп жатырмыз.

Қаныбек БАҚЫТ, Janalyq.kz тілшісі:

– ҚАЛАДАҒЫ КЕПТЕЛІС МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

– Кептеліс деген – әрбір үлкен қаланың проблемасы. Елордада әдетте кептеліс қалада бір жағалаудан екінші жағалауға өтетін бағыттарда, көпірлерге баратын жолдарда болады. Әсіресе, таңғы сағат 7-9-дар шамасында, түсте және кешке сағат 18.00-ден бастап 21.00-ге дейін кептеліс пайда болады. Қазіргі таңда қалада 9 көпір бар. Сондықтан екі жағалауды біріктіретін көпірлер санын арттыру керек. Қазір сондай құрылыстар жобалануда. Соңғы 3-4 жылда Ұлы дала

және Тәуелсіздік көпірлері іске қосылды. Бұл – Мәңгілік ел, Қабанбай батыр және Тұран даңғылдарындағы кептелісті белгілі бір деңгейде азайтып, түсетін жүктемені төмендетті. Бұл жұмыстар жалғасын табады. Қолданыстағы жолдар кеңейтіліп, ұзарғылады, көпірлер саны артады. Сонымен қатар қоғамдық көліктер саны көбейтіліп, халықтың мейлінше автобустармен көбірек жүруіне жағдай жасалады. Бір жылдан кейін ЛРТ-ның да іске қосылуы осы кептелісті азайтуға септік етеді.



Президенттің тапсырмасы бойынша

Кешенді көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілді. Бағдарламаның міндеттерінің бірі – қоғамдық көлікті пайдаланудың үлесін 71%-ға дейін арттыру. Бұл қарбалас уақытта қозғалыс жылдамдығын ұлғайту, жайлылықты арттыру және қолжетімділікті жақсарту арқылы жүзеге асырылады.

Сабина КӘКІМЖАН, Elordainfo.kz тілшісі:

– ЕЛОРДА КӨШЕЛЕРІНІҢ ДИЗАЙН-КОДЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТҚАНЫН БІЛЕМІЗ. БҰЛ ЖОБА ҚАЛАНЫҢ СӘУЛЕТІНЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘСЕР ЕТЕДІ?

– Астана – мемлекетіміздің келбеті. Сондықтан оның ерекше сәулеті, дизайн коды болуы керек. Сол бойынша былтыр негізгі құжаттар қабылданды және соған сай жұмыстар атқарылуда. Ол жұмыстар – сырттағы жарнама, абаттандыру, көгалдандыру,

түнгі жарықтандыру. Мұның бәрін халқы жақсы қабылдап жатыр. Құрылыс компаниялары да бұл туралы жақсы біледі, сол себепті құрылыс соған сәйкес салуда. Мұның бәрі – қаланың сәулетін көркейте түсу үшін қолға алынған жұмыстар.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

Қала әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткізген брифингінде журналистер тарапынан бас қаланың ең өзекті мәселелеріне қатысты сұрақтар қойылды. 3 сағатқа созылған жиын барысында БАҚ өкілдері 100-ге жуық сұрақтарына жауап алды.

Фетих АЛТАЙМЕРКИТ, TuraNews.kz тілшісі:

– МЕМЛЕКЕТТІК БАЛАБАҚШАЛАР САЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЙТА ҚОЛҒА АЛЫНАТЫНЫН АЙТҚАН ЕДІҢІЗ, ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ҚАНША БАЛАБАҚША АШЫЛАДЫ?

– Иә, расында ашық айту керек, қалада балабақша жетіспеушілігі бар. Халық әсіресе, мемлекеттік балабақшалардың іске қосылуын асыға күтуде. 2017 жылдан бері қалада мемлекеттік балабақшалар салынбай кеткен еді. Биыл соны қайта қолға алдық. Жыл сайын балабақшалар көптеп салынып жатса да, солардың ішінде мемлекеттік балабақша жоқ. Әсіресе, халықтың ішінде әлеуметтік осал

топтар соны сұрайды. Биыл сондай 10 балабақшаның құрылысын бастадық. Таяуда соның үшеуін пайдалануға береміз. Оның біреуі – Пригородный тұрғын алабында, біреуі Әйтеке би көшесінде орналасқан. 2029 жылға дейін қалада 60 мемлекеттік балабақша салуды көздеп отырмыз. Орташа есеппен әр балабақша 200-300 балаға дейін қабылдайды.

Дәурен СЕЙТЖАНҰЛЫ, «Адал адам» тілшісі:

– АСТАНАНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯСЫ, ЯҒНИ ЖЫЛУМЕН, СУМЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ ЖАҢА ДИФФЕРЕНЦИАЛАНҒАН ТАРИФТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОДАН ӘРІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

– Қала тұрғыны сапалы коммуналдық қызметтерге қол жеткізуі керек. Ол өз пәтерінде толық көлемде жылуға, ауызсуға, ыстық және суық суға қолы

жетуі керек. Сондықтан тариф дифференциалауға ұшыраса да, ұшырамаса да қаладағы бұл қызметтер толық көлемде көрсетіледі.



Елордада үшінші сорғы-сүзгі станциясының іске қосылуы және Астана су қоймасынан екінші су құбыры желісінің құрылысы аяқталуының арқасында тәуліктік қуат қоры тәулігіне 70-80 мың текше метр суды құрайды.

Санат ТОҚТАРОВ, «Деген екен» сайтының тілшісі:

– ЛРТ БОЙЫНША ЖҮРУ БИЛЕТІНІҢ ҚҰНЫ ҚАНША ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ МА? СОНДАЙ-АҚ КӨЛІКТІҢ БҰЛ ТҮРІ СУБСИДИЯЛАНА МА?

– ЛРТ соңғы жылы өте қарқынды түрде салынууда. Бұл, әрине, Мемлекет басшысының қолдауының арқасы. Эстакада бойынша барлық жұмыстар дерлік аяқталды. Оның барлық инфрақұрылымы алдағы жазда толық дайын болады. Қазір рельс төсеу жұмыстары жүргізілуде. Көктемде сигнализация жұмыстары басталады. Алғашқы пойыздар келесі жылы тамыз айында жеткізіле бастайды. Күзде 15 құрам әкелінеді деп жоспарлануда. Іс жүзінде қозғалыс алдағы жылдың соңында

ғана басталады. Ал толық ЛРТ жұмысы 2026 жылдың басында іске қосылады. Бастапқы жобалау бойынша тәулігіне 20 мың жолаушы мінеді деп болжанды, алайда қазір бұл көрсеткіш одан көбірек болатынын көріп отырмыз. Сондықтан оның билет құнының көлемі қайта есептеледі, дәл қазір сізге оны айта алмаймын. Бастысы, бұл қоғамдық көлік болғандықтан халықтың барлық санаттары төлей алатындай сомада қойғанды жөн көреміз. Сол себепті бағасы қолжетімді болады.

Бақытжан КӨПБАЕВ, Ақпараттық агенттік тілшісі:

– ҚАЛАДА ҚОҚЫС ПОЛИГОНЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

– Жалпы санкцияланбаған қоқыс полигондарының саны былтыр 700-ден астам еді. Бұл мәселелер қаладағы құрылыстың қарқынды жүргізілуіне байланысты туындап отыр. Қазір қалада 8,5 млн шаршы метр үй салынып жатыр. Сол құрылыстарды компаниялар заңды рұқсат етілген жерге апармай заңсыз қоқыс полигондарына тастап жатыр. Соған байланысты экология министрлігі, полиция және әкімдік жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз. Соның арқасында

қазір космомониторинг нәтижесінде қоқыс полигондарының саны 200-ден аспайды. Демек бір жылдың ішінде 500 полигонды жойдық. Ендігі жоспар – алдағы көктемге дейін қалған полигондарды да құрту. Заңдарға да өзгерістер енгізілуде. Соған сәйкес осындай заңсыз полигондар пайда болса төлейтін айыппұл да өзгереді, сонымен қатар құрылыс компанияларына да ерекше санкциялар қабылданатын болады. Құрылыс орындары да жабылады.

Әмір ХАЙДАРОВ, Мөлдір МОЛДАҒАЛИЕВА,

24 кз тілшілері:

– КӨКТЕМДЕ КӨШЕЛЕРДЕ СУ ТОЛЫП КЕТЕДІ. СОНЫ РЕТТЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ БАР МА?

– Баяндамада айтып кеткендей, су басып қалатын учаскелер саны 5-6 жыл бұрын 200-ден асатын. Қазір осы бойынша проблемасы үлкен 4 учаске бар. Бұл мәселелер бойынша биыл күзде біраз жұмыс атқарылды. Қосымша сорғылар қойылып, стансалардың мүмкіндіктері арттырылды. Алдағы көктемде Тұран даңғылында және Мәңгілік

ел қақпасының жанында су жиналмайды деп жоспарлап отырмыз. Бірақ қала өсіп, Мыңжылдық аллеясы пайда болуда. Сондықтан болашақта құрылысқа және қаладағы тұрғындар санына байланысты басқа да проблемалы учаскелер пайда болуы мүмкін. Ал былтыр болған қиындықтар жойылып, алдағы жылы ол болмайды деп сенеміз.

– Мансап орталығы қазіргі күні немен айналысады?

– Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мансап орталығы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII әлеуметтік кодексі негізінде жұмыс істеп келеді. Біздің орталық келесі функцияларды орындайды: алдымен өтініш білдірген адамдарды жұмыс іздеуші және жұмыссыз ретінде тіркейді. Одан соң оларға әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді. Орталық мамандары жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға қолайлы жұмыс таңдауда жәрдем көрсетеді, жұмысқа орналасу үшін жолдама береді. Сондай-ақ олар жұмыссыздарды жұмысқа орналастырудың жеке картасын жүргізеді.

Жұмыс берушілер үшін мамандарды іріктеу, жұмыс берушінің сұранысы бойынша мамандарды кәсіптік оқыту және жұмыс орындарын құруды субсидиялау секілді қызмет түрлері көзделген.

– Орталыққа жүгінетін тұрғындардың орташа жасы қанша?

– Біздің Мансап орталығына жүгінетін тұрғындардың орташа жасы – 18 ден 63 жасқа дейінгі азаматтар. Олардың арасында орта жастағы адамдар да, жоғары білімі бар жастар да бар.

Өтініш берушілердің арасында қаржыгерлер, бухгалтерлер,



ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ТАПШЫ

Халықты жұмыспен қамту орталықтары 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Еңбек мобильділігі орталығы болып қайта құрылды. Бұл орталық жұмыс берушілер мен жұмыс іздеуші азаматтарға Мансап орталығы арқылы қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларын жүзеге асырып келе жатқан мекеменің жұмысы туралы орталық басшысы Бағила ОРЫМБЕТОВА айтып берді.

дай мамандықтарға: медицина саласында түрлі бағыттағы дәрігерлер, мейірбикелер, санитарларға, құрылыс саласында түрлі бағыттағы инженерлер, бетоншылар, дәнекерлеушілер, қарапайым жұмысшыларға, қызмет көрсету саласында кассирлер, жүргізушілер, қонақ үй шаруашылығындағы қызметкерлер, тігіншілер, аспазшылар және т.б., білім саласында тәрбиешілер мен тәрбиешінің көмекшісіне сұраныс жоғары. Медицина және фармацевтика саласында – 199, құрылыста –

жұмыс іздеушілер түйіндемесін тіркеп, бос жұмыс орындары туралы ақпаратты өздігінен қарап, қашықтан белсенді түрде жұмыс іздеуге мүмкіндіктері бар.

– Жұмыс берушілер өздеріне қажетті мамандарды қалай таба алады?

– Елордамыздың әрбір жұмыс берушісі Электронды еңбек биржасында www.enbek.kz порталындағы жеке кабинеті арқылы өзінің мекемесінде бос жұмыс орындары жайлы ақпаратты енгізе алады. Және

сатында жүгінген азаматқа ең алдымен оның мамандығына, жұмыс өтіліне, біліміне, критерияларына қарап, тұрақты жұмысқа орналасуға жәрдемдесеміз. Егер азамат(ша) қандай да бір себептермен жұмысқа тұра алмаған жағдайда жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуды ұсынамыз, олар: «Қоғамдық жұмыстар», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Жастар практикасы», «Күміс жас» жобасы және қысқа мерзімді кәсіптік оқулар.

Бұған дейін біз жұмыс іздеп

нада Жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 4 445 адам қамтылды, оның ішінде: Қоғамдық жұмыстарға – 3 364 адам, Әлеуметтік жұмыс орындарына – 284 адам, «Жастар практикасына» – 1 129 адам, «Күміс жас» жобасына – 830 адам, «Алғашқы жұмыс орнына» – 318 адам, «ұрпақтар келісім шартына» 5 адам және қысқа мерзімді кәсіптік оқуларға 232 адам жолданды.

Осы бағдарламалардың барлығында ресми жалақы төленеді, өтініш берушімен

өткізуге болады. Жалақыны жұмыс беруші береді, бірақ Мансап орталығы оны бірінші жылы 70 пайызға, екіншісі 65 пайызға және үшіншісі 60 пайызға субсидиялайды, бірақ 30 АЕК-тен аспайды. Сонымен қатар, өтініш берушіні бір айдан үш айға дейін созылатын қысқа мерзімді оқыту курстарына жіберуге болады. Олар аяқталғаннан кейін сертификат беріледі.

– Біліктілігі жоқ жұмысшыларға қандай қоғамдық жұмыстар ұсынылады?

– Қоғамдық жұмыстар айтар болсақ, оған жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар жолданады және бұл қандай да бір мамандықты қажет етпейді. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды, еңбекақысы – 35 АЕК (129 220 тг.)

– Электронды еңбек биржасындағы enbek.kz порталында жұмысшы мамандарына, кіші медициналық қызметкерлерге сұраныс көп, жұмыссыздар осы жұмыстарға бара қоярма екен?

– Қазіргі таңда жұмысшы мамандарына немесе медицина саласындағы кіші қызметкерлерге көп бара береді деп айта алмаймын. Бірақ мүлдем бармайды деп те айта алмаймын. Әр мамандықтың оңай және қиын жақтары да болады, соған байланысты әрине, белгіленген еңбек жалақысы да төленеді. Біздің Мансап орталығына жүгінген азаматтардың сұранысына да қарап, лайықты жұмыстарды



заңгерлер, мұғалімдер, жүргізушілер және айтысшылар көп. Негізінен, олар – 250 000 теңгеден басталатын жалақыға үміткер. Ал жұмыс берушілердің басым бөлігі ең төменгі жалақы ретінде 150 000 теңге айлық ұсынады. Мұндай ақшаны олар толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін, жұмыс тәжірибесі жоқ немесе біліктілігі төмен адамдарға төлеуге дайын. Әрине, мұндай аз жалақыға жұмыс іздеушілер көбіне келісе бермейді. Жұмыс берушілер ұсынатын ең көп жалақы әдетте 750 000 теңгеге дейін барады. Оны, негізінен, ірі ЖШС-лар және Акционерлік қоғамдар ұсынады.

– Астана қаласында бүгінде қанша адам жұмыссыз ретінде тіркелген?

– Астана қаласында бүгінде 14 000 астам жұмыссыз азаматтар жұмыссыз ретінде тіркелген. Бүгінгі таңда елордадағы жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрайды. Электронды еңбек биржасында www.enbek.kz порталында 2032 компания ұсынатын 4175 бос орын бар.

– Бас қалада қандай мамандықтарға сұраныс көп?

– Бүгінгі таңда елордада жұмыс берушілердің тарапынан келесі салаларда мына-

109, қызмет көрсету саласында 107 бос жұмыс орны бар.

– Азаматтарды жұмысқа орналастырудағы мүмкіндіктер туралы, бос жұмыс орындарын іздеу мен түйіндемелер орналастырудың қарапайым тәсілдері туралы не айтасыз?

– Бос жұмыс орындары туралы ақпарат күн сайын жаңартылып отырады. Жұмыс берушілер Электронды еңбек биржасында www.enbek.kz порталына қажетті мамандардың тізімін орналастырады және

де сол жеке кабинеті арқылы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың түйіндемесін қарап, бос орынға кандидатураны сұхбаттасуға шақыруына болады.

– Мансап орталығына хабарласқан адамға сіздер алдымен жұмыс ұсынасыздар, әрі қарай нақты бір мысалмен өрбітсеңіз. Мәселен, ол жұмыс қанағаттандырмаған жағдайда не істеу керек?

– Мысалы, біздің Мансап орталығына жұмыс іздеу мақ-

орталыққа жүгінген жандарды көбіне тігінші, пішуші, аспаз, кондитер, шаштараз, тіпті маникюр мамандықтарына оқыттық. Былтыр сварщикке, электрмен дәнекерлеуші мамандықтарына да оқытқанбыз. Бүгінгі таңда нарықта техникалық жұмысшы мамандықтар тапшы.

– Қазіргі күнге дейін Астанада Жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қанша адам қамтылды?

– Қазіргі күнге дейін Аста-

белгілі бір мерзімге келісімшарт жасалады, оның соңында өзін жақсы көрсеткен қызметкер штатқа қабылданады. Алғашқы жұмыс орны – алғаш жұмыс іздеп жүрген азаматтарға жұмыс орнын және қажетті еңбек дағдыларын беруге бағытталған жоба. Жастар тәжірибесі – колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін арналған. Ал ұрпақтар келісімшарты – зейнеткерлік жасқа толған жұмыс істеп жүрген қызметкерді кейіннен ауыстыра отырып, оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға арналған.

«Жастар практикасына» соңғы үш жыл ішінде диплом алған және алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ 35 жасқа дейінгі адамдар қатыса алады. Тәжірибе 12 ай өтуде, оның барысында Мансап орталығы барлық қатысушыларға бірдей тіркелген жалақы 30 АЕК немесе биыл 110 760 теңге төлейді.

«Күміс жас» бағдарламасы 50 жастан асқан адамдарға арналған. Оны 36 ай ішінде

ұсынуға тырысамыз.

– Бүгінде қос-қос дипломы бола тұра, мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүргендер көп, оларға не айтар едіңіз?

– Қолында қос-қос дипломы бола тұра мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүргендерге айтарым, осы аталған жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыса отырып, өзінің біліктілігін, профессионализмін, жұмыс істеу қабілетін, ниетін білдіріп, көрсетіп жатса, әрине, жұмыс беруші тарапынан осындай кадрды тұрақты жұмысқа алып қалуына ниетті болады. Жұмыс істегісі келетін, яғни еңбек етуге ниеті бар азаматтарға екі қолына бір күрек табылатынына сенемін. Сонымен бірге Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайында орналасқан Мансап орталығына жүгіне алады.

Жұмысынан айырылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кемінде 24 ай қатысушы азамат жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап әлеуметтік төлем алу құқығына ие болады.





«ЖАСТАР» САХНАСЫНДА – «ҚАРАГӨЗ»

Жазылғанына 100 жылға жуықтаған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясы – қазақ драматургиясының алтын қорына енген шығармалардың бірі. Еліміздің талай театрында сахналанған классикалық туындыға қазіргі режиссерлердің қызығушылығы азаяр емес. Жақында аталмыш қойылымның премьерасы Астананың «Жастар» театрында өтті. Қоюшы режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәурен Серғазин спектакльді жаңаша жаңғыртты.

Қазақта жеті атаға жетпей қыз алыспау деген бұлжымас дәстүр бар. Жалпы ұлтымызда «жеті» киелі сан саналады. «Қарагөздің» өзі де жеті суретті трагедия. Тақырыпты ашу үшін қоюшы режиссер осы «жеті» санына қатты мән берген секілді. Шығармадан тыс спектакльге қазақ ұғымындағы бес қару емес, қылыш, найза, пышақ, орақ, балта, шоқпар, садақ сынды 7 қару кейпіндегі бейнелер енгізілген. Бұған

қоса, «Жеті дауыс» деп аталатын кейіпкерлер тағы бар. Ал оқиға желісі сонау баяғы-бағзы замандардан, тәңіршілдік дәуірінен тамыр тартады. Бұл спектакль барысында берілетін көмей әуендері арқылы айқын аңғарылады. Кейіпкерлердің киімдері де ұлттық нақышта емес, XIII ғасырды сипаттайтын «Сұлтан Бейбарыс» фильмін еске түсіреді. Қойылымның ұрпаққа айтар ұлағатын түсіндіру үшін жаңашыл форма, то-

сын көзқарас, тың шешімдер қолданылған.

«Қарагөздің» идеялық мазмұны жайлы Мұхтар Әуезовтің өзі: «Жалпы пьеса тақырыбы – беймезгіл заманда жолсыз өмір кешіп, ерте тартқан қайғы-зардың уынан қаза тапқан өнерлі жастар жайы: асықтықпен ақындық құмарлығына елтіген уыз жастар жайы. Пьесаның екінші айқындалған идеясы азаптан туған ақындық, қан-қайғыдан туған қаза,

жеке бастың ғана күй-шерінен басталып барып, халықтық қайғы-қамды ұсынуға беттеген шабытты көрсетпек» деп жазып кеткен.

Шығарманың бас кейіпкерлері – бала кездерінде аналарынан айырылған, бір-біріне шын ғашық Сырым мен Қарагөз. Сырым, Әуезовтің тілімен айтқанда, «Қарагөздің елінде атағы шыққан жас пері, жаланған ер, жалындалған ақын, салтанатты сал. Өз ауылы «тенек» десе де, ол – сұлудың ал-бастысы». Ал Қарагөзді атастырылған күйеуі Нарша былай сипаттайды: «Қарагөзде мін жоқ. Қарагөздің ақылы мен көркі мен түгілі, менен зор хан-қара, би-төренің қайысына болса да олқы келмес».

Сондай Қарагөзді Наршаны менсінбейді. Оның бар ойы – Сырым. Сырымның да көңілі тек Қарагөзде. Алайда арада

үлкен кедергі бар, екеуі аталас, туыстықтары алты атадан қосылады. Сондықтан бұл сезімнен қос ғашық азап шегеді. Сахнадан көрінетін асықтар ұлы Абайдың «сорлы асық сарғайса да, сағынса да» деген өлең жолдарын еске түсіреді.

Сырым мен Қарагөздің салт-дәстүрден аттап қосылуына үзілді-кесілді қарсы болатын – Қарагөздің әжесі, өктем, адуынды Мөржан. Қарагөздің жеңгесі Ақбала екеуіне тілекші болса да, ештеңе істей алмайды. Ал Наршаның іші жауапсыз махаббаттан шерге толы. Спектакль Қарагөздің шын сезімнен есі ауысып, өмірден өтуімен, Нарша мен Сырымның «тірі өлік» кейпіне енуімен аяқталады. Осы орайда актерлердің ойынына тоқталсақ, Сырымды Данияр Оразаев, Қарагөзді Перизат Жәрдемова, Мөр-

жанды Мәдина Май, Наршаны Жандос Шәйкенов сомдады. Бұлардың кейіпкерлерді беруіне көңіліміз толмады. Осы актерлер кейіпкерлердің қиналысын, мінезін бейнелеуден еш әсерленбедік. Ақбаланы сомдаған Айнұр Рахипова, Наршаның күйеу жолдасы Асанды ойнаған Жандәулет Батайдың кейіптеулері басқаларына қарағанда көш ілгері болды.

Спектакльдің қоюшы суретшісі Ерлан Тұяқовтың, балетмейстер Асан Бораншы мен хормейстер Әнел Сіргебаеваның еңбегін ерекше атап өту керек. Сахнаның безендірілуінен, би мен әннің қойылуынан мін таппадық. Қойылым сонысымен тартымды екенін айту керек. Ал актерлерге кейіпкерлерді бойына сіндіру үшін, көрермендерді әсерлендіру үшін әлі де еңбектену керек.

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

НЕМЕСЕ КӨЗҚАРАСТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше, Қазақстанның Халық жазушысы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі мен «Парасат майданы» повесі арасында ұқсастық бар. Қос шығармада «Тұлғаның екіге жарылуы» секілді психикалық ауытқушылық сипатталады. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры осы екі туындыны жымдастырып, «Парасат майданы» спектаклінің премьерасын ұсынды. Қоюшы режиссері – аталмыш театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиева.



«Парасат майданы» – адамның ішкі әлемі мен руханың құндылықтары туралы сыр шертетін психологиялық драма. Спектакльдің негізгі өзегі – адамның өз-өзімен күресі, қоғамдағы моральдық құндылықтардың жоғалуы және ақиқаттың тереңіне үңілу. Бас кейіпкер – жалғыздық пен ішкі қайшылықтың құрбанына айналған жан. Ол адамдар арасындағы әділетсіздікке қарсы үн қатып, қоғамның қатал жүйесіне қарсы тұруға тырысады.

«Парасат майданы» повесі бұл өмір бойы бітпейтін көзқарастардың майданы ғой. Меніңше, сахнада

іс-әрекет, қимыл болуы керек. Осы шығарма театрда қойылады деген кезде адамның жан дүниесіндегі күйзелісті, ішкі толқынысты сахнаға қалай шығаруға болады деп таңғалғаным рас. Бірақ қазір театрдың мүмкіндігі өте көп. Театр режиссерлерінің соңғы буыны саналатын Гүлсина Мирғалиева мұны жақсы біледі. Спектакльді көріп, шын риза болып отырмын. Өйткені сахнада өте күрделі көріністер бар. Бұл көріністер қарапайым көрерменге түсініксіздеу болуы мүмкін. Түсінікті болуы үшін «Парасат майданы» повесін бір оқып шықсаңыздар, содан ке-



йін театрға келсеңіздер, жақсы сезініп отырасыздар. Сахнада шарттылық элементтері де көп болуы мүмкін. Ал оны театрға келіп жүрген, спектакльдерді көптеу көріп жүрген адамдар жақсы түсінеді деді спектакльді тамашалаған шығарма авторы Төлен Әбдік.

Жазушы кейіпкерлерді сомдаған әртістердің ойынына да риза болды. Олардың бойынан бірде-бір фальш көрмегенін, актерлер бейнелерді шын беріле сомдағанын айтты. Қоюшы режиссер Гүлсина Мирғалиеваның шығармашылық әлеуеті зор екенін, сахнаны ойнату, сахнаны сөйлету, қимындар, іс-әрекеттер

көрерменге әсер ететінін атап өтті.

Спектакльді қоюшы режиссер Гүлсина Мирғалиеваның айтуынша, «Парасат майданы» сахналау үшін ұжым бір жыл бойы дайындалған. Өзін Төлен Әбдіктің шығармашылығы қашан да қызықтыратынын, бұл спектакль арқылы психикалық ауытқуы бар адамдардың өмірін емес, бүгінгі қоғамға азаматтық көзқарасын білдіргісі келгенін жеткізді.

Автор айтқандай, осы қойылымды тамашалау үшін адамның ішкі дайындығы керек. Ал ол үшін повесті оқып алып, театрға барған

жөн болады. Оқиға психикалық аурухана ішінде өрбиді. «Бейтаныс» атауын алған бас кейіпкерді тәжірибелі актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрбек Әтеуіл сомдайды. Бейнелердің арасында өзін профессор санайтын, өзін пайғамбар деп есептейтін, өткенді іздейтін, өзін танымал санайтын, философ деп есептейтін науқастар бар. Әрине, дәрігер, медбике сынды кейіпкерлер де енгізілген. Түрлі науқасты мәдениет саласының үздіктерді Асхат Сұлтан мен Дастан Әлімов, Нұрбек Съезхан, Нұрхан Қосанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлбаршын Қылышбай сомдайды. Дәрігерді қос құрамда Нұрсұлтан Есен мен Заңғар Әбенев, медбикені Гауһар Исмаилқызы мен Айкөркем Тұранова ойнайды. «Оң қолдағы» Алма бейнесі Ендік Айымғазы мен Динара Егубаеваның еншісіне тиген. Қызының қасында болуы үшін ауруханада жұмыс істеуге даяр оның анасының ролін екі құрамда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алтынай Нөгербек пен Жанар Қасымова бейнелейді.

Қойылымдағы пластика көрерменнің назарын өзіне ерекше аудартады. Бұл үшін хореограф Карина Жиренбаеваның еңбегін атап өткен жөн. Жалпы қазіргі театрдың көркін осындай заманауи элементтер кіргізеді. Түйіндеп айтқанда, бұл қойылым адамның рухани биігіне жету жолындағы күресін бейнелейді, көрерменді ойландыруға, өмірдің шынайы мәнін іздеуге жетелейді.

КАРАОКЕ КОНЦЕРТТЕ ӘН САЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында ерекше форматтағы «Ән салайық бәріміз» атты караоке концерті өтті.

Кештің басты ерекшелігі – көрермендер танымал әндерді орындаушылармен бірге шырқап, ұлттық және эстрадалық музыканың әлеміне саяхат жасады.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Естай Мұқашев, Светлана Айтбаева, Ұлықпан Жолдасов, Арайлым Рахым, мәдениет саласының үздігі Алтыншаш Мұқатаева, халықаралық байқаулардың лауреаттары Диана Май, Айдын Жұмабай, Әкімхан Мәженов, Құралай Мейрамбек, Парасат Отан өнер көрсетті.

Қазақ оркестрінің (көркемдік жетекшісі – бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов, дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов) сүйемелдеуімен халық әндері мен эстрадалық туындылар караоке форматында орындалып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Бетті дайындаған
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Индира БЕРЖАНОВА

ТӘРБИЕГЕ
НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚУ

«2024-2025 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім берудің барлық ұйымының оқу-тәрбие процесіне енгізілді. Бағдарлама аясындағы іс-шаралар әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның шығармашылық, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін толық ашуға бағытталған. Бағдарламаны жүйелі және үздіксіз енгізу үшін Білім басқармасы бірқатар іс-шараларды әзірледі. Мектептер күнделікті іс-шаралардың жоспарлары мен бағыттарын дайындап, ұсынды. Аптаның әр күніне ат берілді, оның аясында тәрбие жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылады. Мысалы, дүйсенбі – «Әдеп күні», сейсенбі – «Денсаулық күні», сәрсенбі – «Кәсіби бағдар күні», бейсенбі – «Тазалық күні», жұма – «Ұлттық құндылықтар күні». Яғни дүйсенбі әдеп күнінде оқушылардың сөйлеу, амандау мәдениетін жетілдіруге мән беріледі. Сейсенбі денсаулық күнінде сергіту жаттығулары жасалады. Сол секілді жалғасады, бұл үрдіс қаланың барлық білім беру ұйымдарында бар» деді Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Бүгінгі таңда барлық ұстаз оқушылардың бойына ұлт-

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАНҒАН

Астана қаласында білім беру мекемелерінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңа мазмұнда оқытылып жатыр. Жаһандық дәуірде салт-дәстүрімізден, тілімізден, түп тамырымыздан ажырап қалмай, оны жас ұрпақтың арасында дәріптеп, нығайта түсу мақсатында іске асырылып отырған бағдарламаның тәрбиелік мәні ерекше. Бірегей бағдарлама аясында ұлттық құндылықты оқушылардың бойына сіңіруде жүйелі әрі нәтижелі түрде жұмыс істеп, бірқатар тың жобалармен ерекшеленген білім ошақтары бар.

тық мүддені сіңіре отырып, білім беруді қарқынды жүргізіп келеді. Нақтырақ айтқанда, «Күй күмбірі», «8 минуттық оқу», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды оқыту іс-шаралары күнделікті түрде өткізіледі. Мәселен, «Күй күмбірі» жобасы барысында үзіліс сайын күй ойнатылады, ал үлкен қоңырауларда қазақтың 100 күйі топтамасының тарихы айтылады. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, танымдық көзқарасын кеңейту мақсатында мектепте «8 минуттық кітап оқу» жобасы ұйымдастырылады. Жоба аясында әр ауысымның алдында бала сабақ басталмас бұрын 8 минут уақытын кітап оқуға арнайды.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН
МЕКТЕПТЕР

Мектептерде үзіліс кезінде баланы тәрбиелеуге 15 минут уақыт бөліп, ұлттық ойын ойнауға, кино көруге не басқа да қызығушылығымен айналысуға арналған «Өнегелі 15 минут» жобасы жүзеге асады. Аталған жоба елордалық Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей ұжымында бастау алып, қазір барлық білім беру ұйымдарының оқу процесінің маңызды бөлігіне айналды. Мектеп директоры Гүлжан Төлеудің айтуынша, құндылыққа бағдарланған білім беру жобалары – мектептегі білім сапасын арттырудың, ата-аналармен байланысты күшейтудің тиімді тетігі.

– «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 6 құндылыққа негізделіп отыр. Олар: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Осы ұлттық идеяларды дәріптеу – мақсатымыз. Білім беру процесінде әр ұрпақты өзінде бар құндылықпен тәрбиелеу керек. Қазіргі заман балаларын айттып емес, осылай мектеп қабырғасында көрсетіп, бойына сіңіріп өсіре аламыз, – деді Г. Дәрібайқызы.

«Мектебімізде ашылған «Ұлттық құндылықтар» аймағы оқушылар үшін өте пайдалы. Әр үзіліс сайын осы аймаққа келемін. Аймақ ашылып, әдемі безендірілген бұрышты көріп,

мен де, қатарластарым да қатты қуанды. Біреулері домбырада күй тартса, енді біреулері ұлттық ойындарды ойнайды. Өз басым тоғызқұмалақ ойнағанды ұнатамын, 4 жылдай осы ойынмен айналысамын. Ойын ұзақ уақытты, көп ойлауды қажет етеді. Қазіргі кезде көбіміз телефонға байланғанбыз, содан ойлау қабілетіміз бәсең дамиды. Осындайда тоғызқұмалақ ойыны – есте сақтауды әрі логикалық тұрғыда ойлауды жақсартудың бірден-бір жолы» деді мектептің 6-сынып оқушысы Шаһадат Шалқарқызы.

«Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасы аясында ендігі тың жоба елордалық А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында ашылды. Бүгінде мектептің төрт бірдей сыныбында бір үйдің тұңғыштары ғана оқиды. «Тұңғыштар» сыныбындағы ұлттық тәрбиеге негізделген білім оқытылып, ата тегін, руын, туған жерін жетік білуі, бес саусақтың мән-мағынасын үгу, «Еңбекке баулу сабағында» қолөнерге баулып, қамшы өру, ою-өрнек түрлерін ажырату, «Қуырмаш», «Бестемше», «Асық ату» секілді ұлттық ойындарды білуге басты басымдық беріледі.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ
ТЫҢ БАСТАМАЛАР

Ұлттық құндылыққа негізделген саналы тәрбие бас қала балабақшаларында да белсенді жүргізілуде. Мәселен, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дәстүр сабақтастығын жалғастыру мақсатында «Әжемнің ертегісі» жобасы енгізілді. Жоба бойынша Астана қаласының балабақшаларындағы бүлдіршіндердің әжелері аптасына екі күн немерелері баратын балабақшаға кезекпен барып, кітап оқып, ертегі айтады. Осылайша, балаларды рухани құндылықтарға, қазақы дәстүрге, отансүйгіштікке, адалдыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке, жалпы жақсы қасиеттерге баулу көзделіп отыр.

Сол секілді елордадағы белсенді жүргізіліп отырған «Бала Абай» жобасы инновациялық әдістерді енгізу арқылы ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың мұрасын тереңірек зерттеуді мақсат етеді. Бұл жоба қаладағы 30 мектепте іске асырылып, оның бір бөлігі ретінде балабақшадан бастап жүзеге асатын «Абай аманаты» жобасы 19 балабақшада енгізілді. Жобаның ерекшелігі – бүлдіршіндерге Абайдың философиясы мен ілімдерін ұстанған тәрбиені сіңіру мен білім беру. Сонымен қатар балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға, адамгершілік құндылықтарды қабылдауға және мәдени мұраны насихаттауға баса назар аударылады. Осылайша, жас өрендер Абайдың мұрасымен танысып, оның өсиеті мен шығармашылығын тыңдай отырып, өздерінің тұлғалық дамуына қадам басады.

СҮЙЕК ПЕН МҮЙІЗДЕН – КӘДЕСЫЙ

Ұлттық құндылықтарды насихаттаған қазақтың қолөнері қазір мектептердегі технология сабағында сәтті оқытылып жүр. Қанша техника дамыса да, қолдан жасалған бұйымдарға деген сұраныс барлық кезде де жоғары болған, бола береді де. Осы ретте биылғы жаңа оқу жылында ғана ашылған жайлы мектеп – Астана қаласындағы №105 орта мектебінің 8-9-сыныбының оқушылары малдың сүйектерінен әртүрлі туындылар жасайтынын барғанда білдік.

Оқушылар көркем еңбек пәнінде малдың сүйектерін тазартып, ерекше бағалы заттар жасады. Олар сиыр және қойдың жамбас сүйектерін пайдалану арқылы сақина, тарақ және ер қанаты – аттың үстінде отырған батыр бейнеленген портрет пен жіліктен білезік жасап шығарды.

Көркем еңбек пәнінде балалар халықтың өнер мен көркем еңбекте көрсетілген адамның ойын, сезімін, құндылықтарын, өмірге деген көзқарасын түсініп сіңіре алатыны қуантты.

Көшпелі өркениет тарихындағы ата-бабаларымыздың кәсібін бүгінгі заманда қайта өңдеп, құнды заттарды жасауды оқушыларға үйретіп жүрген – осы мектептегі көркем еңбек пәнінің мұғалімі Серік Кеңшілік.

Елордаға өткен жылы ғана қоныс аударып келген мұғалім бұл туындыны

туған атысынан үйренгенін, ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыздың қолөнер заттарын жас ұрпаққа көрсетіп, таныстырып, оларды еңбекке баулуды мақсат етеді.

– Қазіргі таңда мұғалім ретінде байқағаным, балалардың барлығының оқу деңгейі бірдей емес. Бұл жерде айтайын дегенім, үлгерімі төмен балаларға да көркем еңбек пәні болашақта өз жолын табуға, бағыт-бағдар беруге өте үлкен көмегін тигізеді және де бұл пәнде балалар ерекше болуға, өнер тапқыш болуға талпынады. Бұл пәнде тоқу, байлау, бояу, тігу, кесу, бұрау және тағы басқа дәстүрлі өнер түрлері және де ежелгі уақытта ойлап табылған халықтың сәндік қолданбалы өнері де үйретіледі. Сонымен бірге құрал-саймандарды игереді. Әртүрлі материалдардан көркем туындылар жасап үйренеді. Түрлі



тапсырмалар орындау барысында салыстыру, талдау, қорытынды жасау өз пікірін дәлелдеу дағдысын үйренеді. Бір сөзбен айтқанда, көркем еңбек пәні сабағының кілтті сөзі – еңбек. Балаларымызды жастайынан еңбекке баулуымыз керек. Көркем еңбек пәні – жаңалықтар мен шығармашылық шабыттың қайнар көзі, – дейді ұстаз Серік Кеңшілікүлы.

Мына сүйектен, мүйізден кәдесыйлар, түрлі сый бұйымдарды 9-сынып

оқушылары Ибраһым Серікүлы мен Сәкен Батырхан жасады.

Балалардың қолымен жасалған дүниелер өте құнды, көрнекті, бағалы көрінеді. Қойдың жауырын сүйегінен сақ жауынгері, шаңырақ, күн астындағы қыран бүркіт бейнесі көркем жасалған. Сиырдың жілік сүйегінен сия сауыт, қанатты барыс жүзік, мүйізден тарақ, білезік жасаса, тайдың тұяғынан тайтұяқ музыкалық аспабы шебер бейнеленіп, жасалды.

– Өзім сүйектен бұйым жасауды алғаш бала кезімде атамның өз қолымен жасағанынан көрдім. Атам ауылға белгілі зергер, ұста адам еді. Сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын атамның жасаған дүниесін адамдар аттай қалап сұрап алатын. Кейін өзім еңбек сабағынан мұғалім болған соң, атамнан көргенімді жасай бастадым, қазіргі таңда өз білгенімді, көргенімді оқушыларға үйретіп жүрмін. Оқушылардың да сүйектен, мүйізден әртүрлі бұйым жасауға деген қызығушылығы жоғары. Сүйекпен жұмыс шеберлікті, шыдамдылықты қажет етеді. Бір жақсысы – сүйек пен мүйіз бәріне де қолжетімді материал. Сүйекті өңдеудің әдістері, жолдары бар. Қажетті сүйекті 3-4 сағат қайнатып, әбден тазартып аламыз, тазарған сүйекті ас содасына салып, 2-3 сағат қайнатамыз. Судан алып, жақсылап кептіріп, кепкен сүйекке сурет-сызба жұмысын жүргіземіз. Сол арнайы сызылған сызба бойынша кесіп-тесіп өңдеу жұмысы атқарылады. Жалпы сүйекті өңдеуге (бор машина) арнайы аспап қолданылады, – дейді Серік Кеңшілікүлы.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астана қаласы Алматы ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ғимаратында Еңбек мобильділігі орталығының ұйымдастыруымен зейнет жасындағы адамдар қатарынан кадрларды іріктеу үшін кезекті рет бос орындар жәрмеңкесі өтті. Оған жұмыс істеуге ниет білдірген қала зейнеткерлері қатысты. Елордалық 14 жұмыс беруші зейнеткерлер үшін 100-ге жуық бос жұмыс орнын ұсынды.



– Мұндай жәрмеңкенің қарттар, әсіресе зейнеткерлер үшін мүмкіндігі зор деп ойлаймын. Мен ұзақ жылдар бойы бастаушы сыныптың мұғалімі болып жұмыс атқарған адаммын. Енді, міне, зейнет жасында болсам да, бойымдағы бар білімді балаларға беру мүмкіндігіне ие болғалы отырмын, – дейді қала тұрғыны Дәмежан Қапарқызы.

Ұйымдастырушы мамандар жәрмеңкенің басты мақсаты жұмыссыз азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсету, ал жұмыс берушілерге қажетті мамандарды табуға мүмкіндік беру екенін айтады.

– Жәрмеңкелер жұмыс іздеушілерге нақты сала бойынша қажетті білім мен дағдыны игеруге көмектеседі, сондай-ақ жұмысқа орналасу үшін оларға нақты талап қою арқылы жұмыс ұсынылады. Сондай-ақ бос орындар жәрмеңкесі – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер үшін тиімді алаң. Ол жұмыс іздеушілерге жаңа мүмкіндіктер мен жұмысқа орналасу жолдарын ашады, ал жұмыс берушілерге лайықты кадрлар табуға көмектеседі, – дейді Алматы ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығының басшысы Динара Закир.

ҚОЛДАУ ҚАШАНДА МАҢЫЗДЫ

Астана қаласы отбасы институтын қолдау орталығында отбасын қолдау орталықтарының қызметін жетілдіруге және полимодальды кеңесшілерді даярлауға бағытталған практикалық семинар-тренинг өтті. Оған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері, сондай-ақ отбасын қолдау орталықтарының қызметкерлері қатысты.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген Мәдениет және ақпарат министрлігі отбасын қолдау орталықтары жұмысын жетілдіруге бағытталған жобалық кеңесші Фарида Сағындық жиналыстың мән-маңызына тоқталып, мақсатын атап өтті.

– Қазіргі уақытта елімізде 65 отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеттері – мемлекеттік отбасы саясаты шараларын жүзеге асыру, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) қолдау жұмысын үйлестіру, тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар тұлғаларға көмек көрсету және мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру. Өтіп жатқан іс-шаралар да отбасын қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіруге арналып отыр. Өйткені дағдарыс орталықтарының жұмысын жетілдіру, ведомствоаралық



өзара іс-қимылды жолға қою, жұмыстың бірыңғай әдіснамасын құру және оны жүзеге асырудағы олқылықтар болса, осындай семинарларда толығымен. Сондай-ақ халыққа кеңінен

ақпарат беріледі, – деді Фарида Сағындық.

Жиналысқа қатысқан спикерлер баяндама жасап, орталықтардың жұмысын жүргізу үшін арнайы мемлекет тара-

пынан қаржылай қолдау артып келе жатқанына тоқталып, қиын өмірлік жағдайда қалған адамдарды қолдау, оларға көмек көрсету қашанда өзекті екенін атап өтті.

ЕРЕКШЕ ЖАРЫС ӨТТІ

Елорданың Байқоңыр ауданындағы Ататүрік саябағында ерекше спорт түрі – скандинавиялық жүріс өтті. Ашық аспан астында ұйымдастырылған іс-шараға Байқоңыр ауданының ардагерлер қауымы бастаған 50-ге жуық адам қатысты.

Ұйымдастырушылар аталған жарыстың мақсаты «Таза Қазақстан» акциясы аясында тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты

өмір салтын насихаттау екенін айтса, қатысушылар спорттың қандай түрі болса да салауатты өмір салтын сақтауға деген мәдениетті қалыптастыруда рөлі

зор екенін айтады.

«Шын мәнінде, таза ауада мұндай іс-шараның өткені денсаулығымызға өте пайдалы. Оның үстіне спорттың

ерекше түріне қатысып отырмаймыз. Осындай іс-шараны ұйымдастырған қыз-жігіттерге алғысымызды айтамыз. Біз, қала зейнеткерлері, осындай жарыс арқылы өзімізді сергек ұстаймыз. Спортпен айналысу арқылы қала мәдениетінің озық үлгісін қалыптастырамыз деп ойлаймын» деді іс-шараға қатысушы, Байқоңыр ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамов.

Дайындаған Шапағат ӘБДІП

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты бос лауазымдарға конкурс жариялайды

кафедра меңгерушілері:	
экономикалық және математикалық пәндер	– 1 шт. бірлік
педагогика және тарих	– 1 шт. бірлік
қазақ тілі мен әдебиеті	– 1 шт. бірлік
кафедра профессорлары:	
шетел тілі және аударма ісі	– 2 шт. бірлік
педагогика және тарих	– 1 шт. бірлік
кафедра доценттері:	
педагогика және тарих	– 1 шт. бірлік
қазақ тілі мен әдебиеті	– 1 шт. бірлік
кафедра аға оқытушылары:	
шетел тілі және аударма ісі	– 1 шт. бірлік
педагогика және тарих	– 3 шт. бірлік
заң пәндері	– 1 шт. бірлік

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар жоғары оқу орны басшысының атына өтініш береді. Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) кадрларды есепке алудың жеке парағы;
- 2) өмірбаян;
- 3) жоғары білім туралы дипломдардың, академиялық және ғылыми дәрежелерінің, ғылыми атақ туралы құжаттардың көшірмелері және салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары;
- 4) қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы куәліктердің көшірмелері және салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары;
- 5) ғылыми еңбектердің, жарияланымдардың және өнертабыстардың тізімі;
- 6) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- 7) адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы оның біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (бұрынғы жұмыс орны басшылығының ұсынымы және т. б.), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтініш берудің мерзімі – 2024 жылдың 21 желтоқсанынан 2025 жылдың 6 қаңтарына дейін.

Біздің мекенжайымыз: 010009, Астана қаласы, М.Жұмабаев даңғылы, 4, тел.: 561-933, 571-225, e-mail: eagi@list.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 23 қаңтарда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Көппәтерлі тұрғын үйдің, паркингі бар тұрғын үйдің» 4 қабаттан ЕТЖЖ бойынша, 9 қабатқа дейін өзгерту бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Хусейн бен Талал мен №38 көшелерінің қиылысы (жобалық атауы), №50 учаске, тапсырыс беруші Ж.А.Бултбаева.

2. «Ресторан» 3 қабаттан «Ресторан сауда-офис ғимараттарымен» 4 қабатқа дейін өзгерту бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №38 көше, №37 учаске, тапсырыс беруші Б.Е.Бекишев.

3. «Бизнес-орталық, кіріктірілген ғимараттар мен паркингімен – 3-9 қабаттар» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, №47/3 учаске, тапсырыс берушісі «BAUTrade» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zhanarys.kadyrov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

«Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС жалғыз қатысушысының 04.12.2024 ж. шешімі негізінде «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капитал мөлшерінің 30 611 245,30 (отыз миллион алты жүз он бір мың екі жүз қырық бес теңге отыз тиын) сомасына азайғаны туралы хабарлайды.

«Астана қаласының Ақтивтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 19.08.2024 ж. №1469 бұйрығы және «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС жалғыз қатысушысының 19.08.2024 ж. шешімі негізінде «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капитал мөлшерінің 2 616 453 (екі миллион алты жүз он алты мың төрт жүз елу үш теңге) сомаға азайғаны туралы хабарлайды.

КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде бұзылған құқығын қорғау мақсатында тиісті шаралар

ды қабылдайды. Мысалы, 2024 жылдың қазан айында департаментке Астана қаласында орналасқан сақтандыру компаниясының мекенжайы «Заңды тұлғалар мемлекеттік деректер» базасында дұрыс емес тіркелгені жөнінде шағымы келіп түсті. Шағымды қарау барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мем-

лекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалының заңды тұлғаларды тіркеу басқармасымен «Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен то-

лықтыруларды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету барысында деректер базасында дұрыс емес ақпарат енгізілгені расталды. Нәтижесінде департаменттің ұсынымы негізінде сақтандыру компаниясының қате енгізілген деректері түзетіліп, құқығы қалпына келтірілді, сондай-ақ басқарманың бұзушылыққа

жол берген жауапты тұлғаларға тәртіптік жаза қолданылды.

Егер де сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығыңыз бұзылған жағдайда, жазбаша түрде департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша, электрондық түрде «E-Online» азаматтардың барлық өтінішін

қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-бот арқылы «уәкілетті органға өтініш» бөлімінде жүгіне алатыныңызды атап өтеміз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті



«Астана Арена» стадионының тұрағындағы 25 метрлік шырша жарық декоративті ұла қармен және өрнектермен, сары және қызыл реңдегі 2500 ойыншықпен, гирляндармен және т. б. безендірілген. Шыршаны жағу кезінде елорда тұрғындары мен қонақтары үшін Қайрат Баекенов, Ринат Малдағов, Аугее, балалар хоры мен би ұжымдарының қатысуымен концерт бағдарламасы, жаңа жылдық жәрмеңке, сырғанақ, мұз айдыны, лабиринт, фуд-корт, арнайы тақырыптағы фотоаймақ және т. б. ұйымдастырылды.

Нұра ауданында тағы 8 орында шырша шамы жағылды: орталық саябақта, «Зеленый квартал» тұрғын үй кешенінің скверінде, Үркер тұрғын алабындағы Айғыржал скверінде, «Сарыарқа», «Керуен сити», «Азия парк», «Хан Шатыр», «Айланд» сауда-ойын-сауық орталықтарының жанында және Сығанақ пен Ш.Айтматов көшелерінің қиылысында.

Сарайшық ауданындағы Қазақ елі алаңында шырша шамын жағу кезінде қала тұрғындары үшін мерекелік бағдарлама, балаларға арналған түрлі ойын ұйымдастырылды. Келушілер ән айтты, би биледі, сырғанақ пен мұз айдынында көңіл көтерді, фотоаймақта естелік үшін суретке түсті. Орналасқан жердің өзінде 2 мұз айдыны, 2 сәулесі бар сырғанақ, биіктігі 25 метрлік шырша, шағын архитектуралық нысандар мен жарық-иллюминациялық панно орнатылған. Сондай-ақ «Нұрлы жол» теміржол вокзалы маңында жаңа жылдық шырша жағылды.



ШЫРШАЛАР ШАМЫН ЖАҚҚАНДА...

Елорданың 6 ауданында 30-дан астам жаңа жылдық шыршаның шамы жағылды. Мерекелік іс-шараға 15 мыңнан астам адам қатысты. Шыршалар орнатылған барлық орында көптеген ойын-сауық түрі ұйымдастырылды. Ең биік 25 метрлік шыршалардың шамы «Астана Арена» стадионының тұрағында және «Қазақ елі» монументінің алаңында жағылды.

Алматы ауданында жаңа жылдық шыршалар шамы Тәуелсіздік даңғылындағы Оқушылар сарайының аумағында, «Sana Sport» кешенінің аумағында, Қ.Рысқұлбеков көшесіндегі «Алма» саябағында, Astana Music Hall маңында және Р.Қошқарбаев даңғылы, 80/1 мекенжайында жағылды.

Есіл ауданында ЭКСПО аумағында 23 метрлік шырша да жарқырап тұр. Шырша 4000-нан астам ойыншықпен безендірілген, олардың ішінде диаметрі 15-тен 40 см-ге дейінгі шарлар, гирляндар және т. б. бар. Алаңда сырғанақтар мен мұз айдыны бар, елорда тұрғындары мен қонақтары шағын архитектуралық нысандардың фондында, ертегі кейіпкерлерінің жанында суретке түсе алады.

Байқоңыр ауданында 5 орында жаңа жылдық шыршалар мына орындарда безендірілді: Жастар сарайының аумағы, К.Ататүрік атындағы саябақ, Ж.Тәшенов көшесі, Өндіріс тұрғын алабы (Ақбидай мен Қ.Кемеңгерұлы көшелерінің қиылысы), Кирпичный тұрғын алабы (А.Чехоев және Жолымбет көшелерінің қиылысы) мен «Қоянды» саяжай алабы. Сонымен қатар ауданда Кеншілер, 5 және Ж.Досмұхамедұлы, 6 мекенжайы бойынша 5 метрлік 2 шырша орнатылды.

Сарыарқа ауданында әртүрлі биіктіктегі 3-тен 18 метрге дейінгі 6 шыршаның шамы жарқырап тұр. Олар мына мекенжайларда орнатылған: қалалық алаң, Бөгенбай батыр даңғылы, 43 мекенжайындағы сквер, «Фөктал» саябағы, Есіл өзенінің жағасы мен Юбилейная көшесі, 22.

